

Ақсу ауылдық округінде бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 29 сәуірдегі N 105 қаулысы . Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 6 мамырда N 2-4-69 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 қыркүйектегі N 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009.09.07 N 254 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңның 10 бабының 2 тармағының 9)тармақшасына сәйкес және Ақсу аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ақсу ауылдық округінде ірі қара және ұсақ мал ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізіліп, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Ақсу ауылдық округі бойынша бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б. Т ы н ы ш б а е в қ а** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **Ә. Дүйсембаев**
А қ с у а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 9 с ә у і р д е г і
N 1 0 5 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
қосымша

Ақсу ауылдық округінде бруцеллез ауруының шығуына байланысты ветеринариялық режим белгіленген аулаларда оның алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралары.

	Іс-шаралар аталуы	Орындалу мерзімі	Жауапты адамдар
Ұйымдық - шаруашылықтың шаралары			
1	Ауылдық округте ауылшаруашылық малдардың толық есебін жүргізу,		Ауылдық округінің әкімі аппаратының мамандары, ауылдық

	жануарлардың барлық түрі бірдейлендіруден өткізу	2008 жылдың қаңтар-шілде айларында	округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
2	Арнайы мал соятын орындар мен өлген малдарды тастайтын шұңқырды осы елді мекенде жасау	2008 жылдың қараша айына дейін	Ауылдық округінің әкімі
Арнайы ветеринариялық шаралар			
1	Бруцеллез ауруымен ауырған малдарды тез арада жалпы отардан аластау	дереу	Ауылдық округтің әкімі, ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
2	Ауру шыққан ауладағы басқа малдың екі қайтара 15-21 күн сайын қан алынып, 2 рет таза нәтиже шыққанша	Ветеринариялық заңдылыққа сәйкес тұрақты түрде	Ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), кәсіпкер мал дәрігері (келісуімен)
3	Мал тұрған қоралар мен аулаларды қидан тазарту және мал сойған орындарды арнайы дәрілермен залалсыздандырудан өткізу	Тұрақты түрде	Ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), кәсіпкер мал дәрігері (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
4	Ветеринариялық инспектордың рұқсатынсыз ауру ошағына сырттан мал алып келу немесе алып шығуға тыйым салынсын.	Аурудан сауықтырғанша	Ауылдық округтің әкімі, поселкелік ветеринариялық инспекторы
5	Ауру ошағы территориясынан мал азығын дайындауға, оны басқа жерге алып шығуға тыйым салынсын.	Аурудан сауықтырғанша	Ауылдық округтің әкімі, ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен)
6	Ауру шыққан ауладағы адамдардың бруцеллез ауруын тексерілуін жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)
7	Аудан тұрғындары арасында бруцеллез ауруынан сақтану шаралары жөнінде насихат жұмысын жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)